

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3 /177 бұйрығын қараңыз.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2014 жылғы	29 мамырдағы

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі-егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі-егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде субсидиялар (бұдан әрі – субсидиялар) төлеудің тәртібін айқындайды.

2. Субсидиялар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) осы Қағидаларда белгіленген тәртіпке сәйкес жыл сайын басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының, оның ішінде лизинг шартының негізінде сатып алынған көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге қажетті тұқымның құнын арзандатуға (40 %-ға дейін) бөлінеді.

3. Қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген бағытқа сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қандай да бір аудан бөлінген қаражатты толық игермеген жағдайда, облыстардың әкімдері оларды облыс бойынша бекітілген субсидиялау көлемі шегінде осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген бағыт бойынша басқа аудандар арасында қайта бөлуі мүмкін.

5. Субсидиялар алуға арналған АШТӨ тізімін айқындау үшін әрбір ауданда (облыстық маңызы бар қалада, Астана және Алматы қалаларында) аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімінің шешімімен ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) құрылады.

ВАК құрамына мыналардың өкілдері енгізіледі:

1) аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімдігі, оның ішінде аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдері мен басқармалары, а у ы л д ы қ о к р у г ә к і м і ;

2) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның а у м а қ т ы қ и н с п е к ц и я л а р ы ;

3) өңірлік кәсіпкерлер палаталарының тиісті облыстың, облыстық маңызы бар қалалардың, Астана және Алматы қалаларының аудандарындағы, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардағы филиалы;

4) аграрлық бейіндегі ғылыми және қоғамдық ұйымдар (бар болса).

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі, Астана және Алматы қалалары және облыстық маңызы бар қала бойынша – қала әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы немесе бөлімі (бұдан әрі – бөлім) ВАК-тың жұмыс органы болып т а б ы л а д ы .

6. Бөлім қалыптасқан ауа райы-климаттық жағдайларды ескере отырып, субсидиялар алуға арналған өтінімдерді қабылдауды бастау және аяқтау күнін белгілейді, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсында және ресми баспасөз басылымдарында өтінімдерді қабылдаудың басталуы мен аяқталуы туралы хабарландыру, ВАК-тың жұмыс тәртібін және басқа да қажетті мәліметтерді о р н а л а с т ы р а д ы .

7. Аудандар бойынша субсидиялар көлемдері (басым дақылдардың егістік алаңдарының болжамды құрылымына қарай) облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімімен белгіленеді.

8. Облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімімен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісім бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (бұдан әрі – субсидиялар нормалары) (1 гектарға) белгіленеді.

Бұл ретте, басым ауылшаруашылық дақылдардың тізбесі мен субсидиялар

нормалары әрбір субсидияланатын дақыл бойынша шығындар есептерін қоса бере отырып, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында аккредитациясы бар аграрлық бейінді ғылыми ұйымдармен келіскеннен кейін уәкілетті органға ұсынылады.

2. Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың және ауыл шаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға субсидиялар төлеу тәртібі

1. Субсидиялар төлеу шарттары

9. Субсидиялар уәкілетті органмен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдар белгілеген 1 гектарға арналған субсидиялар нормалары бойынша басым ауылшаруашылық дақылдары бойынша төленеді.

10. Басым дақылдар өндіруді және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының, оның ішінде лизинг шартының негізінде сатып алынған көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге қажетті тұқымның құнын субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алумен байланысты субсидияларды төлеу:

1) дәнді дақылдар (күріштен, дәндік жүгеріден басқа) бойынша – егіс науқанының қорытындысы бойынша 1 гектарға 100 %.

Б ұ л р е т т е :

егіс Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген және (немесе) перспективалы деп танылған сорттардың үшінші репродукциясынан төмен емес тұқымдарымен жүзеге асырылады ;

субсидиялар нормаларын төлеу дәнді дақылдардың әрбір түрі бойынша олардың өңірлердегі басымдылығына қарай сараланған түрде жүзеге асырылуы м ү м к і н .

2) майлы дақылдар, күріш, дәндік жүгері, сүрлемдік жүгері, сүрлемдік күнбағыс, мақта, көкөніс-бақша дақылдары (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда), жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық

шөптер және картоп бойынша – егіс науқанының қорытындысы 1 гектарға 100 %

Бұл ретте мақта мен күріш өсірумен айналысатын және мақта мен дәндік жүгерінің егіс алаңы 50 гектардан кем, ал күріштің егіс алаңы 200 гектардан кем АШТӨ-ге, егер олар ауылдық тұтыну кооперативіне не су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативіне қатысушы болып табылмаса, субсидиялар нормасының 50 %-ы мөлшерінде субсидия төленеді;

3) қант қызылшасы бойынша (фабрикалық).

егіс науқанының қорытындысы бойынша 1 гектарға - 50 %;

қант зауытына (қолда бар қайта өңдеу қуатына сәйкес) өткізілген немесе қайта өңдеуге тапсырылған 1 тонна қант қызылшасына – 50 %;

4) қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары бойынша – жылыжай типі мен уәкілетті органның ғылыми-техникалық кеңесінің шешімімен мақұлданған көкөніс дақылдарын өсіруге жұмсалған шығын нормативтеріне қарай сараланған түрде, алынған өскін қорытындылары бойынша бір гектарға көзделген субсидиялардың жылдық нормасы бойынша әрбір ауыспалы дақылға жеке - 50 % (1 шаршы метрге өскен көшеттің кемінде 95 %-ы).

Бұл ретте жалпы қорғалған топырақтағы көкөніс дақылдарының екіден аспайтын дақыл айналымы субсидияланады: біріншісі – ағымдағы жылғы 1 қаңтардан 15 маусымға дейін және екіншісі – 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін (қысқы-көктемгі және күзгі-қысқы кезеңдер). Дақыл айналымының белгіленген басталу және аяқталу күндерінен 15 күнге ауытқуға рұқсат етіледі.

Жылыжайлар типтері бойынша өнеркәсіптік жылыжай кешендері және фермерлік жылыжайлар болып бөлінеді.

Өнеркәсіптік жылыжай кешендері – жарық өткізгіш бүйір қоршаулары және төбе жабыны бар үй-жай түрінде орындалған, кемінде 0,5 га жалпы мүкәммалдық ауданы және қосалқы (әкімшілік, санитариялық-тұрмыстық, өндірістік және қоймалық) құрылыстары, ғимараттары және үй-жайлар бар қорғалған топырақтың құрылыстар кешендері. Өнеркәсіптік жылыжай кешендері өсімдіктерді жыл бойы өсіру жөніндегі технологиялық процестің параметрлерін (температура-ылғал режимі, жарық режимі, газдық құрам және ауаның қозғалу жылдамдығы, суару суының сапасы мен өсімдіктердің минералдық қорегі) бақылаудың және барынша еңбекті көп қажетсінетін жұмыстарды механикаландырудың техникалық құралдарымен жарақталады.

Фермерлік жылыжайлар – жарық өткізгіш бүйір қоршаулары және төбе жабыны бар үй-жай түрінде орындалған, көкөніс және/немесе гүл дақылдарын, сондай-ақ, ашық топыраққа отырғызу үшін олардың өсімдерін жыл бойы немесе маусымдық өсіруге арналған және өнеркәсіптік жылыжай кешендері үшін арналған жабдықтармен және техникалық құралдармен жарақтандырудың

техникалық өлшемдері бойынша сәйкес келмейтін қорғалған топырақ құрылысы.

5) шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер бойынша (көп жылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ескеріледі) – 1 гектар егіске 100 % жүзеге асырылады.

11. Субсидиялар нормасы мынадай жағдайларда:

1) көкөніс-бақша дақылдарын ашық топырақта, майлы дақылдар, дәндік жүгері, сүрлемдік жүгері, картоп, қант қызылшасы мен мақтаны өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі сплинкерлік суару жүйелерін қолдана отырып өсіргенде. Бұл ретте өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесі: сорғы станциясын, гидроциклонды (немесе сүзгіш қондырғыларын), гидроазықтандырғышты, қысым реттегішті (механикалық немесе автоматты типті), су өлшегішті және тамшылатқышы бар құбыржолдар жүйесін қамтуға тиіс;

2) суармалы түрде көп жылдық және бір жылдық шөптерді, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші жылы өсіп жатқан көп жылдық бұршақты шөптерді және шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық шөптерді (көп жылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ескеріледі) өсіргенде ұлғайтылады.

12. Субсидиялар егістік жерде өсірілетін оңтайлы мерзімде себілген басым ауылшаруашылық дақылдарының және (немесе) шабындық және (немесе) жайылымдық жерге шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық шөптердің алқаптарына ғана төленеді.

Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері және оңтайлы себу мерзімдері ғылыми ұйымдардың қорытындылары негізінде жылдың қалыптасқан ауа райы-климаттық жағдайын ескере отырып, субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының әрбір түрі бойынша бөлімнің шешімімен айқындалады.

2. Қажетті құжаттар тізбесі

13. АШТӨ бөлім белгілеген өтінім қабылдаудың басталу және аяқталу күнінен кешіктірмей бөлімге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімді және нөмірі көрсетілген банктік шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банк анықтамасының бір данасын ұсынады.

14. Дәнді дақылдарды (күріштен, дәндік жүгеріден басқа) өндірумен айналысатын АШТӨ субсидия алушылардың тізіміне қосу үшін қосымша:

1) субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімде:

аттестатталған тұқым өндірушілер немесе өткізушілер берген, егіске пайдаланылған тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларын растайтын құжаттардың (тұқымға аттестат не тұқымға куәлік (тұқым сатып алынған жағдайда), ал себу үшін өзі өндірген тұқымды пайдаланған жағдайда – тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар берген тұқымның кондициялылығы туралы куәлік және сұрыптық егістерді байқаудан өткізу актісі) бар екенін көрсетеді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген Мемлекеттік селекциялық жетістіктер тізіліміне енгізілген және (немесе) перспективалы деп танылған сұрыптардың үшінші репродукциясынан кем емес тұқымдар себілген алқаптар ғана субсидиялауға жатады; 2) мыналарды:

өткен жылғы ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасының (сызбасының) (АШТӨ растаған және бөліммен келісілген) көшірмесін; ағымдағы жылғы ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасының (сызбасының) (АШТӨ растаған) көшірмесін ұсынады.

Бұл ретте, 2015 жылдан бастап және одан кейінгі жылдары осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасымен (сызбасымен) бірге АШТӨ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1297 қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес танаптар мен ауыспалы егістер тарихы кітабының көшірмесін ұсынады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген құжаттардың көшірмесін АШТӨ және бөлім куәландырады және бөлімде сақталады.

15. Өндірілген қант қызылшасының 1 тоннасына субсидия алу үшін АШТӨ субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімде қосымша қант зауытымен жасалған қант қызылшасын сатып алу-сату және (немесе) алыс-беріс қант қызылшасын қайта өңдеу қызметтерін көрсету туралы шарттардың бар болуына қатысты мәліметтерді көрсетеді.

16. Қорғалған топырақта көкөніс өсірумен айналысатын АШТӨ субсидия алушылардың тізіміне қосу үшін субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімде қосымша жылыжайдың техникалық паспортының немесе жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу жөніндегі уәкілетті органның жылыжайдың (қорғалған топырақ ғимаратының) болуы мен жұмыс алаңы туралы анықтамасының бар болуына қатысты мәліметтерді көрсетеді.

17. АШТӨ лизинг шартының негізінде ауылшаруашылық дақылдарының тұқымын сатып алған кезде субсидия алушылардың тізіміне қосу үшін субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімде қосымша лизинг шартының бар болуына қатысты мәліметтерді көрсетеді.

3. ВАК жұмысының тәртібі

18. Бөлім өтінімдер мен құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және ВАК-тың қарауына енгізеді. АШТӨ осы Қағидалардың 13 – 17-тармақтарында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, өтінім мен құжаттар 5 жұмыс күні ішінде АШТӨ-ге пысықтауға қайтарылады.

19. ВАК үш жұмыс күні ішінде бөлім ұсынған құжаттарды қарап, субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар алуға үміткер АШТӨ тізімін жасайды, ауданға (облыстық маңызы бар қалаға және Астана мен Алматы қалаларына) жеткізілген басым ауылшаруашылық дақылдары бойынша субсидиялау көлемін бөледі.

20. АШТӨ өтінімдері ауданға (облыстық маңызы бар қалаға және Астана мен Алматы қалаларына) жеткізілген басым ауылшаруашылық дақылдары бойынша субсидиялау көлемінен асып түскен жағдайда ауылдық тұтыну кооперативтерінің немесе су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері мүшелерінің өтінімдеріне басымдық беріледі, ал қалған көлем берілген өтінімдерге барабар бөлінеді.

21. Субсидиялар алу үшін АШТӨ егіс науқаны аяқталғаннан кейін, бірақ осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес белгіленген себу мерзімінен кешіктірмей, бөлімге дақылдардың түрлері бойынша нақты себу алаңы мен мерзімдерін көрсете отырып, егіс науқанының аяқталғаны туралы жазбаша ақпарат ұсынады.

22. Бөлім егістің белгіленген оңтайлы мерзімі аяқталған соң өскіндердің болуын, сондай-ақ АШТӨ-нің ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасында (сызбасында) не танаптар мен ауыспалы егістер тарихының кітабында көрсетілген егіс айналымдарының сақталуын шолып тексеру мақсатында екі апта мерзімде ВАК мүшелерінің (келісім бойынша) АШТӨ шаруашылықтарына шығуын ұйымдастырады.

23. ВАК мүшелерінің (келісім бойынша) тексеру қорытындылары бойынша үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өткен жылғы күздік дақылдарды (қыстап шыққаннан кейін) және көп жылдық шөптерді қоса алғанда, егістікті қабылдау актісін (бұдан әрі – қабылдау актісі) ж а с а й д ы .

Қабылдау актісі үш данада жасалады, оның біреуі АШТӨ-де, біреуі – ВАК-та және біреуі – облыстың (Астана және Алматы қалаларының) ауыл шаруашылығы басқармасында (бұдан әрі – басқарма) қалады және қабылдау актісін аудан (қала) ә к і м і б е к і т е д і .

24. ВАК қабылдау актісінің және АШТӨ бөлімге ұсынған құжаттардың

негізінде егістікті соңғы қабылдау жүргізілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға АШТӨ-нің түпкілікті тізімін (бұдан әрі – тізім) жасайды және оны аудан әкіміне, ал облыстық маңызы бар қалалар, Астана және Алматы қалалары бойынша – қала әкіміне бекітуге жолдайды.

Аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімі екі жұмыс күні ішінде АШТӨ-нің тізімін бекітеді.

АШТӨ-ні тізімге енгізуден бас тартқан жағдайда, тексеру жүргізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде бөлім АШТӨ-ге бас тарту себептерін көрсете отырып тиісті анықтама береді.

Осы Қағидалардың 13 – 17-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбау, құжаттардың толық топтамасын ұсынбау не осы Қағидалардың 13-тармағында айқындалған оларды ұсыну мерзімдерін бұзу, егілген алаңдардың мәлімделген мөлшерлерге сәйкес келмеуі жағдайлары субсидиялар беруден бас тартуға себеп болып табылады.

25. Бөлім үш жұмыс күні ішінде басқармаға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың, Астана және Алматы қалаларының) әкімдері бекіткен тізімді, қабылдау актілерін және қазынашылық органдарына ұсыну үшін нөмірі көрсетілген банктік шоттың бары туралы екінші деңгейдегі банк анықтамасын бір данада ұсынады.

4. Субсидиялар төлеу тәртібі

26. Басқарма ұсынылған құжаттардың осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АШТӨ-ге, лизинг берушілерге субсидиялар төлеуге арналған ведомості және төлем шоттарын қалыптастырады.

Төлем жүргізген кезде басқарма бес жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын ұсынады.

Тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің банк шоттарына аударуды басқарма тиісті жылдың 1 желтоқсанына дейін жүзеге асыратын осы Қағидалардың 10-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің банк шоттарына аударуды басқарма тиісті жылдың 15 қыркүйегіне дейін жүзеге асырады.

27. Басқарма тиісті жылдың 5 шілдесіне және 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде уәкілетті органға субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат береді.

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларына

1-қосымша

_____ ауданының (облыстық маңызы бар қаланың, Астана және Алматы қалаларының) ведомствоаралық комиссиясына

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға субсидиялар алуға өтінім

_____ негізінде әрекет ететін
(құрылтай құжаты)

_____ (ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші) атынан бірінші басшы _____
(Т.А.Ө., лауазымы)

мынадай алаңда ауылшаруашылық дақылдарының төмендегідей түрлерін өсіру үшін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидия нормалары бойынша бөлуді сұрайды:

_____ га _____ га _____ га _____ га
(алаңы) (дақыл) (алаңы) (дақыл)
_____ га _____ га _____ га _____ га

(алаңы) (дақыл) (алаңы) (дақыл)

га га

(алаңы) (дақыл) (алаңы) (дақыл)

P/c №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама - заңды тұлға үшін	тіркеу нөмірі тіркеу күні атауы орналасқан жері мемлекеттік тіркеу күні кім берді	
2.	Жеке басын куәландыратын құжат - жеке тұлға үшін Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік - жеке тұлға үшін	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі ЖСН кім берді берілген күні орналасқан жері тіркеу күні кім берді	
3.	Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	акт нөмірі кадастрлық нөмірі барлық алаңы, га оның ішінде шабындық нысаналы мақсаты сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді жер пайдаланушының атауы	
4.	Аттестатталған тұқым өндірушілер немесе өткізушілер берген тұқымға аттестат не тұқымға куәлік (тұқым сатып алынған жағдайда), ал себу үшін өзі өндірген тұқымды пайдаланған жағдайда – тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі аттестатталған зертханалар берген тұқымның кондициялылығы туралы куәлік және сұрыптық егістерді байқаудан өткізу актілері	нөмірі берілген күні тұқым өндіруші сұрыбы репродукция	
5.	Қант зауытымен жасалған қант қызылшасын сатып алу-сату шарты (өндірілген қант қызылшасының 1 тоннасына субсидиялар алу үшін)	нөмірі өндірушінің атауы салыстыру актісі қант қызылшасының көлемі	
		нөмірі	

топырақта өңдеп өсіру шығындарын
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша
« Б е к і т е м і н »

(о б л ы с т ы ң а т а у ы)

ауданының (облыстық маңызы бар қаланың,
Астана және Алматы қалаларының) әкімі

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)
20 жылғы « »

АШТӨ-нің егістіктерін және екпелерін қабылдаудың

20__ жылғы « »

№ актісі

Біз, _____ төменде _____ қол _____ қоюшылар,
В А К _____ т ө р а ғ а с ы :

_____ (ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)
В А К _____ м ү ш е л е р і :

_____ ла у а з ы м ы , Т . А . Ә)

_____ (ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)
б і р _____ т а р а п т а н _____ ж ә н е

_____ (А Ш Т Ә а т а у ы)

_____ басшысы екінші тараптан 20__ жылы мынадай алаңда
төмендегі басым ауылшаруашылық дақылдары өскінінің алынған
(отырғызылғаны) туралы осы актіні жасадық:

га _____ га _____

га _____ га _____

га _____ га _____

ВАК төрағасы _____

_____ (ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

ВАК мүшелері: _____

(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

(л а у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

АШТӨ: _____

—

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау
арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің
шығымдылығы мен сапасын арттыруды,
жанар-жағармай материалдарының және
көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын
жүргізу үшін қажетті басқа да
тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын
және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған
топырақта өңдеп өсіру шығындарын
субсидиялау қағидаларына

3-қосымша

« Б е к і т е м і н »

(о б л ы с т ы ң а т а у ы)

ауданының (облыстық маңызы бар қаланың,
Астана және Алматы қалаларының) әкімі

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

20 жылғы « »

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың, ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға субсидиялар алуға арналған _____ ауданының, облыстық маңызы бар қалалардың,

Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің тізімі

Р/с №	АШТӨ атауы	Б а с ы м ауылшаруашылық дақылдарының атауы	ВАК актісімен қабылданған егістік алаңы, га (өндірілген өнім көлемі, тоннамен)	1 гектарға арналған бюджеттік субсидиялар мөлшері, теңге	Төленуге тиісті бюджеттік субсидияла көлемі, теңге (4-бағ. х бағ.)
1	2	3	4	5	6

ВАК төрағасы _____
(қ о л ы , Т . А . Ә .)

_____ ауданының _____ бөлімі
(қолы, Т.А.Ә.)

МО

В А К

м ү ш е л е р і :

(қ о л ы , _____ Т . А . Ә .)

(қолы, Т.А.Ә.)

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларына

4-қосымша

« Б е к і т е м і н »

Б а с қ а р м а б а с т ы ғ ы

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

20__ жылғы «__» _____

Ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидиялар төлеуге арналған ведомость

--	--	--	--	--	--

Р/с №	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің, лизинг берушінің атауы	Басым ауылшаруашылық дақылдарының атауы	ВАК актісімен қабылданған егістік алаңы, га (өндірілген өнім көлемі, тоннамен)	1 гектарға арналған бюджеттік субсидиялар мөлшері, теңге	Төленуге тиісті бюджеттік субсидиялар көлемі, теңге (4-бағ. х бағ.)
1	2	3	4	5	6

Басқарманың қаржы бөлімінің басшысы

(қолы, Т.А.Ә.)

Бөлім

басшысы

(қолы, Т.А.Ә.)